# Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 6 «а» сыныбында 2021 -2022 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысына талдау

Жаңа оқу жылында класта 21 оқушы бар. Ұлы – 14, қызы – 7. Жыл басында мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесе отырып кластың әлеуметтік паспортын жасақталды. Яғни, класс оқушыларының әлеуметтік жағдайларына анализ жасалды. Класс оқушылары түгелге жуық оқулықпен қамтамасыз етілді.

Сондай – ақ, класс оқушылары әртүрлі кластан тыс шараларға да белсене қатысып отырды. Атап айтқанда, сынып оқушыларының ер балалары мектепішілік футбол ойынынынан 1 орын алды . Асқаров Нұрғиса «Үздік ойыншы» атанды.

«Балалар жылына» орай 6 сыныптар арасында өткізілген мекепішілік волейбол жарысында 6 а сыныбы I, баскетбол жарысынан II орынмен марапатталды.

Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебімізде «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз» атты патриоттық әндер байқауына Сансызбай Қарақат пен Жайылхан Айнамкөз қатысып «Бас жүлде» алды. Тоқсан соңында оқушыларға каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелер түсіндірілді.

Мектебімізде ағылшын пән бірлестігінің апталығы өткізіліп, класс командасы III орынды иемденді. Мектебімізде алғашқы рет ата – аналар арасында спорттық спартакиада ұйымдастырылып, ата – аналардан жасақталған команда құрамы жарысқа белсене қатыстып, жекелей үстел теннисінен ата – ана Қани Роза I орын алды, командалық есеп бойынша класс командасы III орын алды.

15 мамыр Халықаралық отбасы күніне орай сыныбымызда «Отбасы бақыт ұясы» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.

«Балалар жылы» бағдарламасы аясында ҚР Мемлекеттік Рәміздеріне 30 жыл толуына байланысты және 1- мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне ұйымдастырылған шағын футболдан Ахтанов Нұрислам «Үздік қорғаушы» атанды.

18 – 23 қазан аралығында АӘД және дене тәрбиесі пән бірлестігі ұйымдастырған «Күнделікті дене белсенділігі – денсаулық пен ұзақ өмір сүруге бастар жол» апталығында «Пионербол» жарасында II орынды иемденді.

Класс жетекшісі: [signature] Н.Н. Мұңайтбасова